М.Н.

САХНА САНДЛАҒЫ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ҰЛЫҒЫ

Театр дегеніңіз үлкен әңгіменің басы ғана. Күнделікті алыс-жұлыс тіршіліктен, шаш етек шаруадан шаршасақ: «Жақсы әртістің ойынын көріп, ойымызды, бойымызды сергітіп қайталықшы», – деп театрға қарай қозғаламыз. Өткен ғасырдың 70-жылдардың ортасы, ол кезде Әзірбайжан Мәмбетовтың өртше қаулап дүрілдеп, атағы жер жарып *сахналық төңкеріс* жасап жатқан уағы. Алматы қаласы кеш болса, жауыннан кейінгі кемпірқосақша құлпырып кетеді, зиялы қауым бар тәуірін үстіне іліп, М.Әуезов театрына ағылады. Жастың, жасамыстың аузында Әзірбайжанның қойылымы. 1972 жылдың күзінен Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасы жаңа өмірін бастады. Қозы мен Баян болып, театр институтының жоғарғы курс студенттері Т.Мейрамов, Б.Жанғалиева ойнады, ал Қодар мен Жантақ рөлдерін А.Әшімов пен Ә.Молдабеков сомдады. Сол ойын әлі күнге көз алдымнан еш жуылмайды.

Жантық кейпіндегі Әнуарбектің әрі-беріден тақтайға дүрс тізерлей кетіп, жағымпаздың ездігіне, жуанның ит қорлығына шыдай алмай, тістене қалшылдаған кездегі самайынан сорғалаған сора тер жүрегіме тамғандай әсер етті. Дүлей қара күштің табанында тулақ болып жайылып, тымақша желпілдеп жүні жығылған Жантықтың: «Мен де адаммын!» – деген әжептарқы үні дүние тіршілігіндегі сатқындық, жәркеленші, жалтақ болып өтудің – адам жаны төзбестей кемтарлығын көз алдымызға келтіргені сұмдық еді. Мінезсіз кісіні – момын дей саламыз. Момындық – жағымпаздыққа тартып тұрады.

Әзірбайжан Мәмбетовтің класын 1971-76 жылдары қызыл дипломмен бітірген Асылхан Сәулебек Есімбекұлымен сол кезде таныстым.

Театрдан шыға берісте жылы жүзді, жанары шоқша маздаған Сәулебек інім амандаса салып: «Қалай екен? Қойылым ұнады ма?» – деп көлденең сауал қойды. Әлгідегі әсерден айыға алмай келе жаттқам:

-Ұнады, екі сағат екі-ақ минөттей сезілді.

– Пьесаны ұстап тұрған Әнуарбек – Жантық образы емес пе, қалай ойлайсыз, – деді Сәулебек сөз аяғын жерге тигізбей.

Шынымен-ау! Актердің қимылсыз отырып-ақ жер қозғалғандай жан әлемінің ішкі дүмпуі, сезім серпіні, сөз бен қимылдың жымдасып, құйылып келуі, дағдының қимыл-әрекетке дендей еніп, көрініс табуы қайран қалдырды.

Көркем прозаны құлпыртатын – стильдік шлифовка, көркемдеп түзеп-мінеу. Ал актер ойынын құлпыртатын – эстетикалық талғам мен сахналық өмірдің күп үйлесімі.

Сәулебекпен сондағы кештен кейін жылдам тіл табысып, шүйіркелесіп кеттік. Міне содан бері қырық жыл өтіпті. Сәулебектің өнердегі болмысын қырық жыл бойына *зерттеп, көз алдымнан* өткеріп келеді екем. Қырық жыл бойына ищай деспей, ағалы-інідей сәлеміміз дұрыс, бір-бірімізді іштартумен келеміз. Ұшыраса кетсек, әңгімеміз – баяғы сахнаның төрі ғой.

Сәулебектің көзіндегі сахна – жарты әлем. «Күлкі, мұң, реніш, өкпе, нала, сол жарты әлем сахнада тоғысып жатады», – дейді. Құлақ қойып тыңдап отырсаң, көкірегің күмбірлеп, киялың қанаттанып, ойың терендейді.

Баяғыда Б.Шоудың жалғыз актер ойнайтын пьесасы көрерменді бір жарым сағат бойына рампа алдында жіпсіз байлайды десе – сенбеуші едік. Әнуарбек Молдабековтің Жантығы дүниелік актерлер сомдаған екіжүзділік, жәдігөйліктің жиынтық бейнесі Ягодан әлдеқайда терең, мазмұнды шыққан десе – әй, қайдам деуші едік. 1974 жылы театр өмірінде жарқ еткен елеулі оқиға өтті. Режиссер Сәулебек Асылханұлы сол кезеңде лапылдап жанып тұрған жас перілер Қ.Тастанбеков, Т.Жаманқұлов, У.Сұлтанғазин, Ә.Боранбаев, Қ.Сұлтанбаевты ұйыстырып, «мұнда жоқ керіс майдан, жастық бар, шалқып ұрып, салған сайран» деп өлендетіп, «Айман – Шолпан» музыкалық комедиясын қойды. Бұл Сәулебектің тұңғыш режиссерлік қадамы болатын. Комедияның астарлы әжуасы мүлдем тосын реңк, соны бояу тауып, жаңаша күлпырып, шырқау биікке шыққаны сонша – күйеу жігіт пен балдыздар арасындағы әзіл-қалжыңнан гөрі апалы-сіңлілі қыздар арасында таусылып бітпейтін *жар таңдау бәсекесіне, қызғаныш дертіне* ұласады десе – бас шайқар едік. Қойылымның пәлсапалық пайымы терендей түсті.

Сәулебектің өнері – жеңіл күлкіге құрылған қақтығысының өзі от шығып кетердей ызалы кепке тартып тұрады. Трагедиялық хал – керісінше уытты күлкімен көмкеріліп жатады. Құбатөбел орташа ойнау деген болмайды. Ылғи күйіп-жанып жүреді. Ар-ождан таразысының басында отырған періштеге келеді.

Сәулебектің ертеректе актермен жұмыс жасау дәрісіне куә болғаным бар. Әңгімелеп берейін.

Екі ғашықтың сахнадағы сүйісуін алайық. Экрандағы, үлкен форматтағы қауышудан әлдеқайда күрделі, киын көрініс құралады. Бірінші: қимыл-қозғалыстың *ерекше пластикасын талап* етеді. Екінші: әртістердің бір-біріне жақындауы, тұрыс қалпы *көрерменді иландыруы* шарт. Үшінші: *көрерменнен жартылай құпиялау өткені құп*. Экранда ғой әлгі айтқан құпиялық болмайды, екі ғашықтың сүйісі өмірде қандай болса – айна

қатесіз сол суретпен беріледі. Нағыз сүйіс сахнадағыдай болмауы мүмкін. Екі ғашықтың белсенді қимыл-қалпы бұл олқылықты толықтырып жібереді. Егер серіктер сахнада шын құшақ айқастырып, шын шөпілдесер болса – онда бұл ойын өмірдің бір көрінісі болар еді-дағы, көркемдік биікке көтеріле алмас еді. Бейнелі образды солғындатып, көркемдікке көлеңке түсетіні мәлім.

Дәл осындай, сахнада шапалақпен тартып жіберу қимылын алайық. Өмірдің өзіндегідей, көшірмесіндей болса – эстетикасын жояды. Сахнада шапалақпен тартып жіберудің жетілген техникасы бар. Жалаң техникаға қол артамын деп тайраңдаған біраз актер қарабайырлыққа тартып кетеді. Қимыл-қозғалыстың пластикасын құп келтіре отырып, *шапалақпен* ұру *эстетикасын* жасауға болады. Мұның өзі үлкен өнер.

Өз басым режиссер Сәулебектің шапалақпен тартып жіберуі деңіз, шын сүйіскен көрінісі болсын – сахналық эстетиканың шыңы деп қабылдадым. Еріксіз қабылдатады, иландады.

Әртіс эстетикасы жылдар бойғы табанды ізденіс, талмай жаттығу жұмысының жемісі. К.С.Станиславскийдің шығармалар жинағының 8-томындағы «Актер шеберлігінің қисыны» атты тараудағы «Аудармашысыз шетелдікпен қалай түсінісеміз» деген сабағын көңілге құп тоқыған, ұстаздан үйрене отырып жетілдіре түскен.

Сәулебек туа бітті көркем ойлай білетін – көркем сөз иесі. Неге десеңіз: оның қолына түскен нендей мәтін болсын – қанатын қомдап, жерден көтерілген қыран құс секілді, қиялға, әсерге, сезім серпініне ілесіп, қалықтай ұшып зау биікке шарықтап кетеді. Қарабайырдың өзі құлпырып шыға келеді. Әрқилы бейненің арғы астарын маңдайдағы көзбен емес, көкірек көзімен көреді. Тірі сөздің ырғағын, ұнасымын, жарасымын тамыршыдай тап басады. Актер аузынан шыққан сөз, сөйлем әуенін қағып алады. Емеуріннен сезіп қояды.

Дайын пьесаны қай-қай режиссер сахнаға шығара алады. Әдеби көркем шығарманы оқи отырып, оның арғы астарынан тартыс – ситуация құрып, үш жүз беттей романдық баяндау мәтінінен отыз беттей тартысты сүзіп алып, шиыршық атқызып, образ сомдау оңай-оспақ шаруа емес. Жазушының ойымен ойлап, қиялына бойлай алатын суреткерлік қажет.

Актер психикасын түкпірлей зерттеген ағылшын психологі Макс Нордау өзінің «Дарын мен данышпанның психо-физиологиясы» деген еңбегінде: «Нағыз актер атылуға дайын тұрған мылтық», – дейді. Бұған қосымша: «Нағыз актердің психикасы балалар мен жабайы адамның мінезіне барынша жақын

келеді... Күшті рухты, күшті ерікті, өзін-өзі ұстай алатын, өзінің құштарлығына ие бола білетін адам жақсы актер бола алмайды», – дейді зерттеуші. Нағыз актер дегеніміз, көзге қарапайым, жұрт секілді көрінгенімен – ішкі дүлейіне үңілсек – атылғалы тұрған мылтық, немесе өзін-өзі ұстай алмайтын, құштарлығына ие бола алмайтын ғажайыптың өзі екен! Сәулебек куә болған бір оқиға: Қобыланды рөліндегі Ыдырыс Ноғайбаев қас жауын аяғының астына басып тұрып, *қаһарлы сөзін* айтып біткенше – табаны астындағы байғұс актер – ауыр салмақтан езіліп, талып қалған екен.

Сол кереметті иіп келтіріп, драмалық тартысқа салып, бейнелі образ сомдау – сұрапыл жанкештілікті қалыптайды. Адам құштарлығының бүге-шігесін, жүрек соғысын айнытпай танитын көріпкелділікті қажет етеді.

Сәулебекті актер жанәлемінің бапкері, барометрі десек болады. Әдеби шығарымпаздықтың шебері. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» хикаятын сахнаға бейімдеп, жазушылық ішкі ағысты – алай-түлей сахналық ширығуға салып, «Ыстықкөл қасіреті» атты спектакль қойды. Көрерменнің көптігі сонша – театрды көтеріп кете жаздады. Шеберлігі арта түсті. І.Есенберлиннің «Қаһар» романының желісі бойынша «Хан Кене» спектаклін сахнаға шығарды. Мұнда да романның беломыртқа – фабуласын бірер оқиғаның желісіне көгендеп, бас кейіпкердің ширығуы мен іштей шарт сыныуын табиғи кепте, адами қалпында аша білді.

Ашқанда қандай! Жер дүниеге симай жаралы арыстанша аласұрған Кенесары мінезін аядай *сахнаға қамап,* ашынтуы – нағыз жүрекжұтқандық, қас шеберлік еді. Екі ойын да аншлагпен өтті. Театр өмірінде күн күркірегендей сезілді. Сахнаның бесаспап бапкері, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер атағы – сол ақ тер, көк тер еңбегінің нәтижесі.

Актер – образбен ойлайды. Образсыз, бейнелеусіз, елестетусіз – актер саңырау кісіге парапар. Сахнада шындық шықпай, көлеңкеде қалады. Осынау актер көкейіндегі көркемдеу, бейнелеу шоғын үрлеп, ойға, сөзге көмілген актер дарынының отын маздататын режиссер ғана.

Актердің сыйынатын құдірет күші – ақыл-ойы, жады, болмысы, табиғи зердесі десек; режиссердің сыйынатыны – актер көмейіндегі көркемдікті тап басып тану, *жын-перісін сыртқа шығару*, актер мен көрермен арасындағы аткөпір құру бейнеті.

Актердің сахнада *өзін-өзі сезінуі* мен *өзі-өзі бақылауын* ұмытпауын қатты қадағалайды. «Сахнада тұрғанымды, сыртта көрермен жұрттың барын бір минөт те ұмытпаймын» дейді бәзбір ак-

тер. «Сахнада екенімді есте ұстай тұрып, шабытты шаққа еліккенім сонша – кейде кейіпкер болмысына еніп, шын жылаймын» дейді келесі актер. Алдына ұстаған актерді шабытты шаққа жетелеп енгізе білу, әрі сахнада тұрғанын ұмытқызбау – режиссер пайымының темірқазығы. Режиссер пайымы – сахнаның жын-ойнаққа, я болмаса періштелердің сезім-селтеңбайына айналып кетпеуіне кепіл. Белгілі бір актердің ойынынан штрих: қойылымда актер табытқа төніп, өлген кісіге жоқтау айтуы керек болады. Әлгі актердің бәсекелестері ойын үстінде қалжыңдап, актер күліп жіберсін деп, табытқа маймылдың тұлыбын салып қояды. Әйтсе де әлгі әртістің ойынға еліккені сонша – жан-тәнімен жоқтау айтып отырып, маймылдың тұлыбын өлген кісінің бейнесіне балап – ағыл-тегіл егілгені таңғажайып шығады! Бұл да режиссер Сәулебектің сахналық көрінісінен бір үзік сыр.

Сәулебек сол кезеңде талай тамаша қойылымдарды дөңгелетіп шығарса да ізденуден жалықпады. 1981 жылы Мәскеуде Ресей Федерациясының халық әртісі М.А.Захаровтың режиссерлік класын үздік бітіріп шықты. Елге келгесін қол жеткен табысына тоқмейілсуді білмеді, жан тыныштығын ұмытты.

1981-89 жылдары М.Әуезов академиялық драма театрының қоюшы режиссері, 1989-91 жылдары Талдықорған облыстық драма театрының бас режиссері әрі көркемдік жетекшісі болып халық көзінде жүрді. Бейнеттен бойын тартпады, өнердегі өз орнын іздеп тапты.

1991-93 жылдары Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында режиссерлік қызметке ауысты. 1993-94 жылдар Республикалық этнографиялық дәстүрлер театрының бас режиссері болып істеді. Қайда жүрсе де маңайына жас дарындарды сүттей ұйытып, шарымпаздық ұйытқысына айналды. Асқар Тоқпанов, Әзірбайжан Мәмбетов секілді ұстаздардың өнердегі дәстүрін үзіп алмай, келешекке, жас ұрпаққа үкілеп жеткізуді ойлады. Осы жылдар Сәулебек үшін нағыз жетілу, кемелдену кезеңіне айналды. Бас айналғандай биікке аяқ салды.

Сәулебек 1982 жылы М.Әуезов атындағы қазақ драма театрында Ғ.Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» пьесасын ұстазы Ә.Мәмбетовпен бірлесіп қойды. Сол кезеңде жас режиссер мен жазушы арасында пікір алмасу, сырласу жиіледі. Бірде театрда, келесіде жазушының үйінде бас қосып, тізелесіп отырып сөйлесудің сәті түсті. Бейпаз әңгіменің біраз тұсы үнтаспаға жазып алынған. Сондай бір сұхбат үстінде жазушы: «Әттең, театрдың табалдырығынан аттағаннан қазақ иісі шығып тұратын, актерлердің сәлемінен, жүріс-тұрысынан, рең-басынан, ойы-

нынан ұлттық дәстүріміздің иісі аңқып тұратын, қазақ боп күліп, қазақ боп жылайтын театрымыз болса ғой» деп армандаушы еді.

Осы ойын жазушы кейінше жаңаша сабақтап «ҚӘ» газетіне «Халықтық музыка театры керек» деп шағын мақала жазды. Мақалада: *«Әр өнердің өмірлік шегі өзінің сыр-сипаттық сапасына, жан жүрегіне ұялай кетер қасиеттеріне байланысты. Біздің халықтың ән-күйлері толыққанды, әр саласында есейгендік бар топқа қосылады. Бір халықтың ән-күйлерінің екінші варианты дүниежүзілік ешбір елде болған емес, болмайды да. Егіз туған ән мен өлеңді, ән мен күйді құрметтеу керектігі осы айтылғандардан туындайды. Жоғарыда оның көркейе берер жағдайын іздейік дедік. Сол жағдай маған былай елестейді: оның аты -- халықтық музыка театры болуға лайық. Халқымыздың қашаннан бергі рухани байлығы -- ән-күйінің ордасы сол театр болсын. Ондай театрдың тәжірибелік және репертуарлық қорын әзір деуге болады»* («ҚӘ», 1981, 19 маусым) деп тебіренгені тегін болмады. Тірі сөздің көріпкелі алысты болжапты, айтса айтқандай екен. Қаламгер мегзеген көріпкелдік меже ширек ғасырдан кейін іске асарын білсек қой.

Жазушының көп сөзі қазір тәбәрікке айналды. Жас режиссер Сәулебек Асылханның сол кездегі өтінішін жерге тастамай, кемел ойлы қаламгер – дәл әлгі пікірін – М.Әуезов театрындағы «Болашаққа аманат» драмасының қойылымында, ойынның беташар сөзінде тағы өрбіткен еді. Көрерменді сырбаз сөзімен сілкіп өткендей сезілді. «Қазақ халқының орыс халқымен ертерек араласқан бір шетінде бұдан екі жүз жыл бұрын хандықты құлатып, «Халық мәжілісі» деген өкімет құрылды. Орысша аты «Народное собрание». Осы ұлы ой Сырым батырдың жүрегінде туып еді. «Халық мәжілісі» – деген өкіметті құрған еді. Сол Сырым – ол әрі батыр, әрі елінің қамқоры, ой иесі болған адам. Сырым ойлары қазіргі Кеңес дәуірімен шалғайласып жатқан жоқ, жалғасып жатыр. *Бүгін сіздер сол ұлы атамыздың сіз бен бізге нені аманат еткенін көресіздер»* (1982 жыл, 27 ақпан) деген аманат сөзі құлағымызда әлі күнге жаңғырып тұрғандай ғой.

Жазушы ағамыздың әлгі арманы Кеңес одағының кезінде іске аспады, көзімізден бұлбұл боп ұшты. Қаншама сын өткелден өтеміз деп халықтың иығы тесілді.

Тәуелсіздіктің таңы атып, өз қолымыз өзімізге жетті. Ақордалы ел болдық. Астананың төріне орнаған Президенттік мәдениет орталығында, орталық директоры, көрнекті мемлекет қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің тікелей ұйыстыруы арқасында жұртшылық сарғая күткен **Ұлттық дәстүрлер театры**

2006 жылдың көктемінде шымылдығын ашты. Театрдың көркемдік жетекшісі, бас режиссері болып Сәулебек Асылхан қызметке келді. Баяғы әдебиетіміздің ақсақалы айтқан – табалдырығынан – төріне дейін қазақ боп күліп, қазақ боп жылайтын халқымыздың ән-күйлері құлақ құрышын қандырып, сайсүйегін сырқыратар ғажайып театр дүниеге келді. «Келді» деген қарапайым сөз. Астана халқына түстіктен жылы жел соққандай сезілді. Көңіл хошын ашар, серпілтер, сергітер киелі қарашаңыраққа уық шаншылды.

Аз уақыт ішінде «Алпамыс», «Бәйтерек», «Ұлбике» секілді басынан аяғына дейін ән мен күй өрнектеген, ұлттық жауһар – қазақы салт-дәстүрмен көркемделген, жүрек тебірентер қойылымдар қала халқын сілкіп өтті. Арқасы ұстағанда ақ өлеңге дес беретін Ғабең: «Самал жел онды-солды есетін кез, көңілдің әжімдері өшетін кез; Бар арман, бар жігерің, бар өнерің; Өрнек боп жер бетіне түсетін кез» деп жазған еді. Сол қасиетті қолтаңбадағы ұлтымыздың *ән мен күйі* бұл күндері Астана халқының қазандай қайнап жатқан **өміріне – өрнек** боп қосылды.

Тарихи оқиға деуге болады. 2008 жылы 29 маусымда «Бәйтерек» қойылымына Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз аяғымен келді, тебіреніп отырып көрді. Қуана толқып қол соқты. Базбір тұста көзіне жас алды. Қойылым соңынан қысқаша түйіп, сөз сөйледі. Сол спектакльге куәгер болған академик Рымғали Нұрғали: «Президенті бата берген, әртістерімен қосылып ән шалқытқан – театр бақытты!» деп, көңіл көншітер сөз айтты.

Көңіл әжімдерін өшіріп, тіршілік керуенін өнер өрмегімен келешекке түзету деп – осындай кезеңді оқиғаны айтатын болармыз, сірә!

Айрықша өнер өрмегіне, ұлттық дәстүрлер өнеріне Сәулебек Асылханның сіңіріп жатқан еңбегі ерекше. «Астана», «Қазақстанның тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі, Халықаралық театр фестивальдерінің лауреаты атағы – сол еңбегінің қарымтасы.

Кісі тауға шыққанымен биіктемейді. Таудай үлкен іс тындырғанымен биіктейді. Бұл күнде Сәулебек Есімбекұлы кемеліне келген, үлкен тақырыпты меңгерген, сахнаға жүрек төрінен орын алатындай толымды бейнелер әкелген, өнер биігіне көтерілген дер шағы. Алдында биік асулар бар. Асуға жүрекжұтқандар ұмтылады. Бас айналдырар асуға қол артатын жүрек оты мен еңбекқорлығы жетіп-артылады. Аңқылдаған ашық-жарқын мінезді, саңқылдаған сергек үнді бауырым, өнерің өлмесін, жүрегіне ұстаған өнерің – өміріне жетсін деп тілейміз!

Дүкенбай Досжан